

# Қуаныш кілті

**ҚР Тұңғыш Президенті күні қарсаңында екібастұздық 80 отбасы жаңа пәтер кілттеріне ие болды.**



**Құндыз ҚАБЫЛДЕНОВА**

Энергетиктер көшесінде бой көтерген 5 қабатты тұрғын үйде 1 бөлмелі 40, 2 бөлмелі 20 және үш бөлмелі 20 пәтер бар. Олардың барлығы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының салымшыларына үлестірілді. Қоныстанушылар қатарында дәрігерлер, педагогтар, теміржолшылар мен басқа да сала қызметкерлері бар. Солардың бірі - Айшолпан Шөпшина.

- Балама үй алмақ болып, тірнектеп қаражат жинадық. Сөйтіп, жақында жинаған ақшамыз пәтер құнының жартысына жетіп, 46 шаршы метр болатын 1 бөлмелі үйдің иесі атандық. Құрылыс жұмыстарының жүргізілу барысына көңілім толады. Жаңа пәтерлер

кең, жарық, жайлы. Соңғы жылдары Екібастұз қаласында баспана құрылысы сәл бәсеңдеп қалған еді, мереке қарсаңында бұл сең қозғалып, 80 отбасы қуанышқа кенеліп отыр. Әр отаудың жеке шаңырағы болуы мақсатында сарабдал саясат жүргізіп отырған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа, облыс және қала басшылығына ризашылығымды білдіремін, - деді ол.

Пәтер кілттерін табыстаған Екібастұз қаласының әкімі Қайрат Нүкенов баспана құрылысы алдағы уақытта да қарқын алатынын айтты.

- Өткен жылдың қыркүйек айында бес қабатты үйдің құрылысы басталып, уақытылы аяқталды. Осы орайда шаһарда тағы 7 үйдің құрылысы жүргізіліп жатқанын атап өткім келеді.

Келесі жылы сіздер сияқты 750 отбасы да қоныс тойын тойлайды, - деді Қ.Нүкенов.

Облыс әкімі Болат Бақауов пәтер иелерін құттықтай келе, шағын шаһардың тұрмысы жақсаруы үшін барлық жағдай жасалатынын тілге тиек етті.

- Келесі жылы Екібастұз қаласындағы аулаларды көріктендіруге мемлекеттік қазынадан 200 млн. теңге жұмсалмақ. Бұл қаланың шырайын келтіріп, балалардың алаңсыз ойнап, спортпен шұғылдануына, тұрғындардың демалып, бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасамақ. Сонымен қатар көпшілікті «сақалды» құрылысқа айналған оқу орталығының мәселесі алаңдататынын жақсы білемін. Осы бағытта тиісті жұмыстар жүргізілуде, бір-екі күн дересінде орталықты қалпына келтіруге қатысты мемлекеттік сараптама дайын болуы тиіс. Жоспар бойынша, екі жыл аралығында бұл күрмеулі мәселе шешіледі, - деді Б.Бақауов.

**Екібастұз қаласы.**